

01.02.2021 ж

№9/1 БҰЙРЫҚ

“№40 ЖОББМ” КММ

§1

2020-2021 жылына арналған тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

«Білім туралы» ҚР Заңының, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.31.10 №598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз ету негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ф.Тулегенова, әлеуметтік педагог Ә.Ә.Оразғали, бас бухгалтер Э.К.Тулепкалиева 2021 жылғы 2 ақпаннан бастап 1-4, 5,9,11 сынып оқушыларын ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын. Әлеуметтік қорғалмаған санаттан шыққан оқушыларды тегін және жеңілдетілген тамақтандыру бойынша мемлекеттік қызметтің сапалы көрсетілуін қамтамасыз етсін.
2. Оқу жылының басында ата-аналар қоғамы мен мектеп әкімшілігі қатарынан бракераждық комиссия құрсын, ол дайын және шикі өнімнің сапасын бақылайды, асханада санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайды.
3. 2020-2021 оқу жылы аз қамтылған оқушыларға тамақтандыруды ұйымдастыруға әлеуметтік педагог Ә.Ә.Оразғали жауапты етіп тағайындалсын.
4. Медициналық жұмыскер Г.Емранова мен тамақтандыруға жауапты тұлға оқушыларды тамақтандыру кестесін әзірлесін, оқу жылы бойы бекітілген апталық мәзір мен перспективалық мәзірі болсын, СанЕқ талаптарына сәйкес бракераждық журналдарды, денсаулық журналдары жүргізілсін.
5. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары F.Тулегенов пен медициналық қызметкер Г.Емранова ас блогындағы жабдықтың тізімін жасасын, санитариялық нормаларды қатаң сақтасын, жыл бойы мектеп бойынша су ішу режимін сақтасын, қажет кезде емдәмдік үстелді ұйымдастырсын.
6. Мектеп тәлімгері А.Ізімова мектеп сайтында «Мектепте тамақтандыру» айдарын ашсын және мектепте тамақтануды ұйымдастыру бойынша ақпаратты, мәзірді, бракераждық комиссия құрамын және т.б орналастыруды қамтамасыз етсін.
7. Әкімшілік пен педагогтардың асханадағы кезекшілік кестесін бекітсін.
8. Асхана меңгерушісінде сәйкес құжаттар мен тәуліктік сынамалар болуы тиіс, ас блогы мен ас ішу залында санитариялық нормаларды қатаң сақтасын.
9. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

§2

2020-2021 жылына арналған тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының жұмысын ұйымдастыру туралы

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.31.10 №598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына сәйкес және 2020-2021 оқу жылы балаларды тамақтандыру сапасын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2020-2021 оқу жылына арналған тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу бойынша төмендегідей комиссия құрамы тағайындалсын:
Комиссия төрайымы: А.Ф.Тулегенова - директордың ТЖ жөніндегі орынбасары
Г.Емранова - медбике

Н.Жакупова - ата-аналар комитетінің төрайымы:

Ә.Ә.Оразғали - әлеуметтік педагог

2. Комиссия мүшелері

2.1. Комиссияның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес оқушыларды тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізісін;

2.2. Тоқсанына бір рет интернет-ресурсқа комиссияның жұмыс қорытындылары туралы ақпаратты орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

§3

2020-2021 оқу жылына арналған бракераждық комиссияны құру туралы

Тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде СанЕн нормаларының негізінде мектеп асханасында оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастырылуын бақылау, тағам дайындау технологиясын сақтау, азық-түліктің сапалы ассортиментін қолдану мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2020-2021 оқу жылына арналған бракераждық комиссия келесі құрамда құрылсын:

Комиссия төрайымы: А.Ф.Тулегенова - директордың ТЖ жөніндегі орынбасары
Г.Емранова - медбике

Н.Жакупова - ата-аналар комитетінің төрайымы:

Ә.Оразғали - әлеуметтік педагог

2. 2021 жылғы 2 ақпаннан бастап 2021 жылғы 25 мамырға дейін бракераждық комиссияның жұмыс мерзімі бекітілсін.

3. Бракераждық комиссияның бір жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

4. Бракераждық комиссия туралы ереже бекітілсін.

5. Бракераждық комиссия жұмысын Бракераждық комиссия туралы ережемен регламенттесін.

6. Комиссияның міндеттеріне мыналар енгізілсін:

- дайын өнімге күнделікті органолептикалық талдау жүргізу;

- ас блогының санитариялық-гигиеналық жай-күйін бақылау;

- күнделікті комиссияның жұмыс нәтижелері туралы акт жасау.

7. Осы бұйрықтың орындалуы үшін жауаптылық өзіме жүктелсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

М.О.Галиев

